

Осакаров ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 05/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қаңтарда № 5170 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы", 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңдарына сәйкес Осакаров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Осакаров ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Руслан Есенбекұлы Нұрмұханбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Кобжанов

Осакаров ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 22 қаңтардағы
№ 05/01 қаулысына
қосымша

Осакаров ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру.

2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Осакаров ауданы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысының полиция департаменті Осакаров ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ПБ) енгізеді.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарды көтермелеу шараларын ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

8. 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. Ақшалай сыйақы бюджеттік заңнамаға сәйкес төленеді.